

**«6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Сагидолда  
Нагиманың «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін  
көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбында жазылған  
диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің берген**

**ПІКІРІ**

ҚР Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында Қазақстанның қазіргі күндегі орын алған демографиялық проблемаларды шешу үшін қолға алған белсенді іс-әрекеттерінің нәтижесі қоғамымыздың әрі қарай әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімді жолдарын ана мен бала, жастар мен қарттардың бақуатты өмірін қамтамасыз етумен қабылданған мемлекеттік саясатпен тікелей байланысты екендігі қарастырылады.

Зерттеу жұмысының тақырыбы ғылыми және тәжірибелік сипаттағы нақтылауды қажет ететін өзекті мәселелерді, атап айтқанда, Қазақстанның кейбір аймақтарында демографиялық дағдарыс туудың азауынан ғана емес, сонымен қатар, халықтың аурушаңдығы мен өлім-жітімінің өсуінен, тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығының төмендеуінен, халықтың физикалық және психикалық денсаулығының нашарлауынан, оның дамуының адамгершілік және интеллектуалдық деңгейінің әлсіреуінен, әлеуметтік-экономикалық тиімді аймақтарға көшіп кетуінен де көрініс тапты.

Мемлекеттің демографиялық дамуы саласында жүргізіп отырган саясаты әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық сипаттағы бірқатар мәселелерге тап болды. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстанның кейбір аймақтарындағы демографиялық проблемаларды орнықты еңсеруге ықпал ететін мемлекеттік демографиялық саясаттың стратегиялық басымдықтары мен тетіктерін айқындау маңызды. Соңғы жылдардағы Қазақстанның демографиялық ахуалында қандай факторлар тиімді дәрежеде ықпал еткендігі және жүргізіліп жатқан мемлекеттік демографиялық саясаттың осы өзгерістеріндегі рөлі қандай деген сұрақтарға ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеуі бүл тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы аймақтарының демографиялық әлеуеті мен оны көтерудің мемлекеттік саясатын бірнеше әдістерді қолдана отырып зерттеу және оны жетілдірудің басым бағыттарын ұсынуды мақсат ете отырып, оны жүзеге асыруда нақты міндеттер қоя алады.

«Мемлекеттік демографиялық саясат және аймақтардың демографиялық әлеуетін зерттеудің теоретикалық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын теориялық бөлімде «мемлекеттік демографиялық саясат» ұғымын нақтылау және оның мазмұнын ашуда мемлекеттік демографиялық саясат үшін демографиялық дағдарыстың басты себептерін, демографиялық даму факторларын анықтау бірінші кезектегі міндет болып табылатындығын, ал оны қалыптастыру мен оны іске асыру проблемаларын талдау үшін

демографиялық өзгерістердің себептерін талдауға басты назар аударудың маңыздылығын, ғылыми зерттеулерде мемлекеттік демографиялық саясаттың және оның шешетін мәселелері мен оларды оңтайландырудың нақты бағыттарын іздеуді кеңейту сипатына, сәйкестік деңгейін анықтай алады. Елдегі демографиялық дамудың объективті факторларын нақтылау және аймақтардағы факторлардың рөлін анықтау, мемлекеттің кешенді демографиялық саясатын тұжырымдай отырып, демографиялық саясатты қалыптастыру және оны іске асыру, аймақтардағы демографиялық проблематиканы талдаудың әдіснамалық құралдарын кеңейту, қазіргі ғылымның категориялық аппаратын жетілдіру мәселелерін теориялық зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші бөлімде қазіргі заманғы жүргізіліп отырған мемлекеттік демографиялық саясаттың ерекшеліктері мен оны іске асыру нәтижелерін, Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін сипаттайтын негізгі факторлар талданып, Қазақстан аймақтарын демографиялық әлеуеті бойынша кластерлерге бөліп, смарт бағдарламасы арқылы құрылымдық модель жасалынған. Бұл осы жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігін арттыра түседі. Демографиялық әлеуеттің қазақстандық ерекшеліктерін ескере келе, ішкі және сыртқы факторлар жіктелініп, баға берілген.

Диссертацияның үшінші бөлімі осыған дейін ескерусіз қалған аймақтардың демографиялық әлеуеттің зерттеудің әдіснамалық негіздері, аймақтардың болашағын болжай және анықталған проблемаларды шешу, мемлекеттік демографиялық саясаты жетілдіру жолдары көрсетілген.

Жұмыстың құрылымы диссертациялық жұмыстарға қойылатын негізгі талаптардың барлығына сай келеді. Бұл жұмыстың осы заманға сай теориялық және тәжірибелік маңызы бар және өзекті екендігін көрсетеді.

Тұстай алғанда диссертациялық жұмыс жеткілікті деңгейде орындалған, жоғары тәжірибелі құндылығы бар, ізденушімен алынған нәтижелер зерттеу саласындағы жаңа ғылыми білім болып табылады.

Зерттеу жұмысының қорғауға шығарған тұжырымдары мен қорытындылары мерзімді ғылыми басылымдарда толық және дер кезінде жарияланып отырды, кейбір тұстары ғылыми конференцияларда баяндалды.

Нагима Сагидолданың «6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеулерге қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді және оны көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,  
Нархоз Университетінің доценті,  
PhD докторы



К.А. Абенова

